

"Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 22 қарашадағы N 3237 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 14 қарашадағы N 3758. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 12 ақпандағы № 838 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 12.02.2019 № 838 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 20-тармақшасына сәйкес қаулы етемін:

"Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 22 қарашадағы N 3237 U963237_ Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі туралы ережеге мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

7-тармақ:

"Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің

төрағасы", "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекараны күзету жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы, Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы" сөздері алып тасталсын;

"Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры" сөздерінен кейін

"Қазақстан Республикасы "Барлау" қызметінің Директоры" сөздерімен толықтырылсын.

2. Мыналар Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің мүшелері болып тағайындалсын:

Балғымбаев - Қазақстан Республикасының
Нұрлан Өтепұлы Премьер-Министрі

Баекенов - Қазақстан Республикасының
Болат Әбдірахманұлы Президенті Күзет қызметінің
бастығы

Қалмырзаев - Қазақстан Республикасының
Сарыбай Сұлтанұлы Президенті Әкімшілігінің

Басшысы

Мұсаев - Қазақстан Республикасы
Әлнұр Әлжапарұлы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің
төрағасы

Өтембаев - Қазақстан Республикасының
Ержан Әбілқайырұлы Стратегиялық жоспарлау
және реформалар жөніндегі
агенттігінің төрағасы

Хитрин - Қазақстан Республикасының
Юрий Александрович Бас Прокуроры
. Ә.М.Қажыгелдин, Ө.Ә.Әбдікәрімов, Ж.М.Жұманбеков, Б.С.Зәкиев,
Н.М.Макиевский, С.Б.Тоқпақбаев, Ж.А.Тұяқбаев, С.И.Шуткин Қазақстан
Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің құрамынан шығарылсын.
4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.
Қазақстан Республикасының
Президенті